**«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Олжабаев Бекарыс Кобланулының «Түркі халықтары фольклорындағы «Туған жер» концептісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

## РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

| р/н № | Өлшемшарттар | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|---|---|---|---|
| | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | «Түркі халықтары фольклорындағы «Туған жер» концептісі» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:<br>1) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);<br>2) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);<br>3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (1. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы. 21.11.2018 ж.). |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); | 3) Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттарына сәйкес келеді. |
| | | 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); | |
| | | **3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.** | |
| | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған. | Зерттеу жұмысы қазіргі фольклортану және әдебиеттану ғылымдарына елеулі үлес қосады. Елімізде жаңадан дамып келе жатқан когнитивтік әдебиеттану бағытының ілгерілеуіне өз септігін тигізеді. Диссертациялық зерттеуде түркілік кеңістікте салыстырмалы талдау жүргізіліп, қазақ, қырғыз, татар және башқұрт халықтарының фольклорындағы «туған жер» концептісінің өзіндік ерекшеліктері айқындалған. «Туған жер» концептісін түркі фольклоры аясында кешенді түрде қарастыру зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығын айқындайды. Зерттеу нәтижелері ғылыми айналымға енгізіліп, фольклортану мен әдебиеттанудың теориялық-әдіснамалық базасын толықтыра түседі. Жалпы, жұмыс ғылыми қауымдастыққа жаңа тұжырымдар ұсынып, болашақ зерттеулерге бағыт-бағдар бола алады. Зерттеу нәтижелерінің ғылым үшін маңыздылығы жоғары. |
| | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: | Диссертанттың еңбекті орындауы, өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертацияда академиялық жазу ұстанымдары толық |
| | | **1) жоғары;** | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған. | сақталған. Ізденушінің ғылыми стильді меңгергендігі, өзіндік сыни пікірі, ой-топшылаулары бар. Баяндау тілі жатық. Қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары салмақты. |
| | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>**негізделген;**<br>2) ішінара негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толық негізделген. Жалпы зерттеу мазмұнынан алынған мәліметтерге сүйене отырып, бұл диссертацияның өзектілігі мынадай факторлармен негізделеді:<br>Түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасын зерттеу – «туған жер» концептісі түркі фольклорындағы маңызды құндылықтардың бірі ретінде қарастырылады.<br>Когнитивтік әдебиеттану және фольклортану тұрғысынан жаңа тәсілдерді қолдану – зерттеу барысында когнитивтік модельдер, топонимдік фольклор ұғымдары мен концепт теориялары кешенді түрде қарастырылған.<br>Ғылыми жаңалығы – «туған жер» концептісі алғаш рет түркі халықтарының фольклорындағы архетиптік және мотивтік құрылымдар аясында жүйелі түрде зерттелген. Осылайша, диссертацияның өзектілігі фольклортану мен когнитивтік әдебиеттану ғылымының дамуына қосқан үлесімен дәлелденеді. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>**айқындайды;**<br>2) ішінара айқындайды;<br>айқындамайды. | Диссертациялық еңбектің мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Жұмыста «туған жер» концептісі түркі фольклоры аясында жан-жақты зерттелген. Когнитивтік және көркемдік модельдер, архетиптік және мотивтік құрылымдар жүйелі түрде талданған. Зерттеу барысында қазақ, қырғыз, татар, башқұрт фольклорындағы «туған жер» концептісінің ортақ және ерекшеленетін тұстары салыстырмалы түрде қарастырылған. Зерттеу жұмысының үш тарауы диссертация мазмұнына сай құрылған және диссертация тақырыбын айқындайды. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>**1) сәйкес келеді;** | Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеудің басты мақсаты – түркі халықтарының фольклорындағы «туған жер» концептісін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) ішінара сәйкес келеді; | зерттеу. Аталған мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер: түркі фольклоры мен топонимдік фольклор арасындағы байланыстарын қарастыру; фольклортану, когнитивтік әдебиеттану саласындағы концепт мәселесін анықтау; айқындау; түркі фольклорындағы «туған жер» концептісінің көркемдік-когнитивтік модельдерін айқындау; топонимдік аңыз, топонимдік әпсана, топонимдік хикаят жанрларын қарастырып, архетип, мотив ұғымдарын талдау т.б. Жұмысты орындау барысында диссертант көрсетілген мақсат-міндеттерді түгел орындап шыққан. |
| | | 3) сәйкес келмейді. | |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: | Диссертациялық жұмыстың құрылымы анықтамалардан, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу еңбекте көрсетілген бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда байланысқан. Ғылыми жүйе сақталған. |
| | | **толық байланысқан;** | |
| | | 2) ішінара байланысқан; | |
| | | 3) байланыс жоқ. | |
| | | Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: | Автор ұсынған қағидаттар дәлелденіп, нақты мысалдармен бекітіледі, оларды бұрыннан белгілі шешімдермен сыни тұрғыдан салыстырып бағаланған. Бұған дейінгі жазылған еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып, өзіндік тұжырымдар ұсынуында сыни талдау анық көрінеді. Бұл сыни талдаулар диссертацияның құндылығын арттыруда үлкен роль атқарып тұр. |
| | | **сыни талдау бар;** | |
| | | 2) талдау ішінара жүргізілген; | |
| | | 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; | |
| | | 4) талдау жоқ. | |
| | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? | Диссертант Олжабаев Бекарыс Кобланулының диссертациялық жұмысындағы ғылыми нәтижелер мен ережелерді толығымен жаңа. Диссертациялық жұмыста «концепт», «көркем концепт», «фольклорлық концепт» терминдері сараланып, олардың мазмұндық айырмашылықтары ғылыми тұрғыда талданған. Түркі халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісінің |
| | | **толығымен жаңа;** | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | когнитивтік-көркемдік модельдерін анықтау мақсатында топонимдік аңыз, әпсана, хикаят сынды прозалық жанрлар негізге алынған. «Туған жер» концептісі архетип пен мотив аясында талданып, оның ақпараттық-мағыналық өрісін ашуда сөздіктер мен мақал-мәтелдер дереккөзі ретінде пайдаланылған. Ізденуші түркі халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісін жүйелі түрде талдаған. |
| | | Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? | Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. «Туған жер» концептісі алғаш рет түркі халықтарының фольклоры аясында кешенді түрде қарастырылып, концептінің когнитивтік және көркемдік модельдері бірлікте талданған. Зерттеуде «туған жер» ұғымының ақпараттық-мағыналық өрісі, архетиптік және мотивтік құрылымдары анықталып, фольклорлық мәтіндермен дәлелденген. Эпикалық мұралар негізінде «туған жер» концептісіне идеологиялық, тарихи, мифологиялық аспектілер тұрғысынан салыстырмалы талдау жүргізілген. Бұл зерттеу нәтижелері жаңа ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулар жасауға мүмкіндік береді. Жұмыстың маңызды ерекшелігі – пәнаралық бағыттың кең ауқымда қолданылуы. Атап айтқанда, фольклортану, когнитивтік әдебиеттану, лингвомәдениеттану және топонимика салаларының тоғысында зерттеу жүргізіліп, әдістемелік тұрғыда интеграцияланған тәсіл қолданылған. Бұл өз кезегінде фольклортану мен когнитивтік әдебиеттану ғылымдарының байланысын жаңа деңгейге көтерген. Зерттеуде топонимдік фольклор алғаш рет «туған жер» концептісі аясында қарастырылып, оның когнитивтік және көркемдік қырлары айқындалған. Топонимдік аңыз, әпсана, хикаят жанрлары жеке-жеке талданып, олардың фольклорлық концепт қалыптастырудағы рөлі көрсетілген. Сонымен қатар, түркі халықтарының фольклорындағы топонимдердің мифологиялық және танымдық қызметі салыстырмалы аспектіде зерделенген. Бұл көзқарас |
| | | **1) толығымен жаңа;** | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | топонимдік фольклорға жаңаша ғылыми тұрғыдан қарауға негіз қалайды.<br>Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық зерттеу – түркі халықтарының фольклорындағы «туған жер» концептісін когнитивтік-көркемдік тұрғыда кешенді талдаған алғашқы ғылыми еңбек ретінде бағаланады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? | Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген деуге болады. |
| | | **толығымен жаңа;** | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Оған диссертацияның зерттеу нәтижесінде алған тұжырымдамалары дәлел бола алады. Үш тарауға да қорытынды тұжырымдар жасалған. |
| | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: | 7.1 Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген.<br>7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес.<br>7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа.<br>Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең.<br>7.5 Зерттеу жұмысы барысында 8 ғылыми мақала жарық көрген. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 5 мақала жарияланған. Халықаралық ғылыми конференция материалдарында – 3 мақала жарияланған. Барлық мақалалар диссертация тақырыбына сәйкес келеді. |
| | | 7.1 Ереже дәлелденді ме? | |
| | | **1) дәлелденді;** | |
| | | 2) шамамен дәлелденді; | |
| | | 3) шамамен дәлелденбеді; | |
| | | 4) дәлелденбеді; | |
| | | 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | |
| | | 7.2 Тривиалды ма? | |
| | | 1) ия; | |
| | | **жоқ;** | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. | |
| | | 7.3 Жаңа ма? | |
| | | **ия;** | |
| | | 2) жоқ; | |
| | | 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. | |
| | | 7.4 Қолдану деңгейі: | |
| | | 1) тар; | |
| | | 2) орташа; | |
| | | **кең** | |
| | | 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. | |
| | | 7.5 Мақалада дәлелденген бе? | |
| | | **ия;** | |
| | | 2) жоқ | |
| | | 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | |
| | Дәйектілік қағидаты. | 8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: | Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған. Диссертациялық жұмыста зерттеу мақсатына сай бірқатар ғылыми әдістер кешені орынды әрі тиімді қолданылған. Атап айтқанда, салыстыру, талдау, саралау, жүйелеу сынды жалпы ғылыми әдістермен қатар, зерттеу нысанына тән арнайы талдау тәсілдері де қамтылған. «Туған жер» концептісін әр қырынан сараптау барысында автор дефинициялық талдау әдісін, ақпараттық-мағыналық өрісті айқындауда мағыналық талдау әдісін, семантикалық парадигманы анықтауда концептуалдық талдау әдісін орынды қолдана білген. Бұл әдістемелік ұстанымдар зерттеудің ғылыми жаңалығын ашуға және концепт табиғатын жан-жақты сипаттауға мүмкіндік берген. |
| | Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | **ия;** | |
| | | 2) жоқ. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: | Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану нәтижесінде алынған. |
| | | **ия;** | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): | Ия. Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары мен негізгі тұжырымдары ғылыми тұрғыдан тиянақты негізделген, ауқымды теориялық материалдармен дәлелденген. Диссертант ұсынған теориялық қағидалар мен ұсыныстар нақты деректерге, отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып жүйелі түрде негізделген. Сонымен қатар, автордың өзіндік пайымдаулары нақты мысалдар арқылы дәйектеліп, ғылыми талаптарға сай жан-жақты талданған. |
| | | **ия;** | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған. | Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Докторант зерттеу барысында түркі фольклоры мен әлемдік әдебиеттану жайын сөз еткен отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін пайдалану арқылы маңызды мәлімдемелер жасаған. Бұл жұмыста жасалған сілтемелерден анық көрінеді. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз. | Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Докторант зерттеу жұмысы барысында Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Ресей Федерациясының ғылыми орталықтары мен кітапхана қорларындағы материалдарды тиімді пайдалана білген. Зерттеу аясындағы ізденістердің ауқымдылығын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | пайдаланылған әдебиеттер тізімінде қамтылған 178 дереккөздің болуы да айқын дәлелдейді. |
| | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: | Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертацияда қол жеткізген нәтижелер теориялық тұрғыда білім беру, фольклортану, әдебиеттану, когнитивтік фольклортану, когнитивтік әдебиеттану салаларындағы зерттеулер қатарын толықтыра алады. |
| | | **1) бар;** | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: | Бұл еңбекті ЖОО ұйымдарында фольклор, түркі фольклоры, топонимдік фольклор сынды арнайы курстар, факультативтер, семинарларда қолдануға болады. Аталған ғылыми зерттеу жұмысын теориялық, әрі практикалық материал ретінде қолдануға болады. |
| | | **1) ия;** | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | Практикалық ұсыныстар жаңа ма? | Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады. |
| | | **1) толығымен жаңа;** | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: | Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай орындалған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жасалған. |
| | | **жоғары;** | |
| | | 2) орташа; | |
| | | 3) орташадан төмен; | |
| | | 4) төмен. | |
| | Диссертацияға ескертулер | | Диссертациялық жұмыста техникалық және орфографиялық қателіктер, сондай-ақ әдебиеттер тізімін рәсімдеуде кейбір кемшіліктер байқалады. Алайда аталған ескертулер жұмыстың жалпы ғылыми құндылығына елеулі нұқсан келтірмейді деп есептейміз. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | Зерттеу жұмысы барысында 8 мақаласы жарық көрген. Оның ішінде Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 5 мақала. Халықаралық конференция материалдарының жинақтарында – 3 мақала. Диссертанттың ғылыми мақалалары талапқа сай жазылған. |
| | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша Олжабаев Бекарыс Кобланулының (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Түркі халықтары фольклорындағы «Туған жер» концептісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін. |

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:
**1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту
Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

**Ресми рецензент:**

**М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының**
**Бас директоры, филология ғылымдарының докторы,**
**ҚР ҰҒА академигі** **Матыжанов К.С.**